ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 9 шілде № 1013-25-00-2/767 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.С. Байкумбаеваның,
сот отырысының хатшысы М.М. Султангазинның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны атынан «Байкал» филиалы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ағатай» Турашева Калы Уразбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ф.Г. Асайынова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптардың арасында 2025 жылғы 3 наурызда №03-19/21 тауарларды (әуе, өнімділігі 2м3/мин дейін компрессор) мемлекеттік сатып алу туралы шарты жасалды. Жалпы сомасы – 129 444 теңге. Тауарды жеткізу мерзімі шартқа қол қойылғаннан кейінгі күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Тауар 2025 жылғы 1 сәуірдегі №115 тауарды қабылдап-тапсыру актісімен қабылданды.

Талап қоюшы талап қоюында тауарға сертификат ұсынылмағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрады.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдады.

Жауапкер екі рет тағайындалған сот отырысына қатыспады. Осыған байланысты, іс Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4-бөлігіне сай оның қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкер тауарға сертификатты ұсынғанын растайтын дәлелдемелер келтірілмеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай шарттарды:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді толық орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Талап қоюшымен Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген сотқа жүгіну мерзімі сақталды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 14.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.08.2025, судья Туратпаев С. Ш., 18.08.2025

1013-25-3-1/803

Баяндалған мән-жайлар негізінде, жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан, талап қоюшыға тауардың сәйкестігі туралы сертификаты болмағаны жағымсыз салдарларды туындағандықтан, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талабын қанағаттандыруға негіздер бар деп табады.

АПК-нің 117-бабына сай мемлекеттік баж жауапкерден өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Ағатай» Турашева Калы Уразбаевнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ағатай» Турашева Калы Уразбаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж жеке кәсіпкер «Ағатай» Турашева Калы Уразбаевнадан мемлекет пайдасына өндірілсін.

Шешімге, осы сот арқылы, Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С. Байкумбаева**

Көшірмесі дұрыс,
Судья **А.С. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 14.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.08.2025, судья Туратпаев С. Ш., 18.08.2025